

### Сведения об авторах

**Еспенбетов Арап Слямвич** – доктор филологических наук, профессор, Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: arap\_espenbetov@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-5984-682X>.

**Смагулова Акмарал Тулеугазиновна** – кандидат филологических наук, Шәкәрім университет, Республика Казахстан, Семей, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>.

### Information about authors

**Arap Yespenbetov** – doctor of philological sciences, professor, Shakarim University, Semey, Republic of Kazakhstan, e-mail: arap\_espenbetov@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-5984-682X>.

**Akmaral Smagulova** – candidate of philological sciences, Shakarim University, Semey, Republic of Kazakhstan, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>.

*Редакцияға енуі 16.04.2026*

*Жариялауға қабылданды 29.06.2026*

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2\(6\)-10](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-2(6)-10)

FTAMP: 17.01.09

### А.К. Калиева

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко к-сі, 28

ORCID: 0000-0003-2645-0918

e-mail: almira0906k@gmail.com

## ҚАЗАҚСТАН ТҮРКІТАНУЫНДАҒЫ ӘДЕБИ-ФОЛЬКЛОРЛЫҚ БАҒЫТТЫҢ ҚАЛЫПТАСУ АРНАЛАРЫ (ОРТАҒАСЫРЛАРДАН КЕҢЕСТІК ДӘУІРГЕ ДЕЙІН)

**Аңдатпа.** Әдебиеттанымдық түркология ұлттық әдебиеттің тарихи бастауын ортақ тілдік негіз, мифопоэтикалық жад, эпикалық дәстүр, жазба мұра және өркениеттік сабақтастық тоғысындағы көпқабатты рухани-мәдени жүйе ретінде пайымдауға мүмкіндік береді. Мақалада Қазақстандағы әдеби-фольклорлық бағыттағы түркітанудың ортағасырлық рухани-интеллектуалдық бастаулардан кеңестік дәуірдегі академиялық зерттеу жүйесіне дейінгі қалыптасу арналары қарастырылды. Зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ әдебиеттануындағы түркілік бағыттың тарихи негіздерін, ғылыми сабақтастығын, зерттеу нысандарын және әдіснамалық маңызын жүйелі түрде айқындау. Мақалада зерттеу нысаны ретінде ортағасырлық түркі жазба мұралары, XIX ғасырдағы фольклорлық-этнографиялық деректер, XX ғасыр басындағы ұлттық әдеби-теориялық ой және 1960-1980 жылдардағы диссертациялық зерттеулер алынды. Мақалада тарихи-әдеби, салыстырмалы-типологиялық, тарихи-поэтикалық, герменевтикалық және жүйелеу әдістері қолданылды. Шолу түрінде жасалған талдау нәтижелері қазақ әдебиеті тарихының хронологиялық шекарасын кеңейту мақсатында кешенді түрде жүргізілген іргелі зерттеулердің басым бөлігі Б. Кенжебаев мектебімен академиялық сабақтастықта екендігін айқындайды. Зерттеу нәтижесінде әдебиеттанымдық түркітанудың көне түркілік, ортағасырлық, эпикалық, сопылық-дидактикалық және фольклорлық қабаттарды ұлттық әдеби процесс аясында тануға ықпал еткені анықталды. Мақаланың ғылыми маңызы қазақ әдебиетін жалпы түркілік мәдени-өркениеттік кеңістікпен сабақтастықта пайымдауымен айқындалады. Практикалық құндылығы зерттеу нәтижелерін қазақ әдебиеті тарихы, түркітану, фольклортану және салыстырмалы әдебиеттану пәндерінде қолдануға болатындығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар мақалада әдеби-фольклорлық түркітанудың Қазақстандағы ғылыми мектептермен байланысы, диссертациялық зерттеулер арқылы дербес ғылыми сала ретінде орнығу процесі және көне мұраны қазіргі әдебиеттану парадигмалары тұрғысынан қайта пайымдау қажеттігі де назарға алынады.

**Тірек сөздер:** әдебиеттанымдық түркітану, әдебиет тарихы, түркі жазба мұрасы, фольклорлық-эпикалық дәстүр, тарихи поэтика, салыстырмалы әдебиеттану, ғылыми мектеп.

## Кіріспе

Түркі әлемінің тарихи-мәдени тұтастығын әдебиеттану тұрғысынан зерделеу – қазіргі гуманитарлық ғылымдағы өзекті бағыттардың бірі. Осыған орай түркі халықтарының ортақ тілдік негізі, мифологиялық жады, эпикалық дәстүрі, жазба мұралары мен рухани сабақтастығы ұлттық әдебиеттер тарихын кең өркениеттік контексте қарастыруды қажет етеді. Әдебиеттанумен ұштасқан түркология ұлт сөз өнерінің бастау көздерін, жанрлық эволюциясын, поэтикалық жүйесін және рухани-эстетикалық табиғатын жалпы түркілік мәдени кеңістікпен сабақтастыра танудың маңызды әдіснамалық негізі ретінде көрінеді. Бұл бағыттың ғылыми маңызы әсіресе көне жазба ескерткіштерді, ортағасырлық дидактикалық және сопылық мұраны, эпикалық дәстүрді, фольклорлық мәтіндерді ұлттық әдеби процестің құрамдас бөлігі ретінде бағалаумен де айқындалады. Мақаланың өзектілігі Қазақстандағы әдебиеттанымдық түркологияның тарихи бастауларын, ғылыми қалыптасу кезеңдерін және негізгі зерттеу арналарын жүйелі түрде саралау қажеттігінен туындады. Мұндай ғылыми интерпретация ұлттық әдебиет тарихының шекарасын кеңейтіп қана қоймай, қазақ әдебиетін түркі өркениетінің ортақ рухани-мәдени мұрасымен тұтастықта пайымдауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан зерттеу әдеби мұраның тарихи тереңдігін, салыстырмалы поэтикасын және қазіргі отандық әдебиеттану үшін түркітанулық арнаның ғылыми-әдіснамалық мәнін айқындауға бағытталады.

## Материалдар мен әдістер

Зерттеудің деректік және теориялық негізін Қазақстандағы әдебиеттанымдық түркітанудың тарихи қалыптасу арналарын айқындауға мүмкіндік беретін әр кезеңдегі ғылыми, әдеби-тарихи және библиографиялық материалдар құрайды. Түркі әлемінің тарихи-мәдени тұтастығы мен қазіргі зерттеу перспективаларын пайымдауда Ч.К. Ламажааның, әлемдік түркология тарихы мен түркілердің Еуропа ғылымындағы танылу мәселесін нақтылауда А.Н. Кононовтың, Әлішер Науаи мұрасының түркітанулық және әдебиеттанулық мәнін саралауда Т. Қыдырдың еңбектері пайдаланылды.

Ежелгі дәуірдегі әдеби таным арналары мен ұлттық әдебиеттану тарихының қалыптасу логикасын ашуда Ж. Смағұловтың зерттеуі, ХІХ ғасырдағы фольклорлық-этнографиялық және шығыстанулық таным арнасын сипаттауда Ш. Уәлихановтың жазбалары, жәдидизм мен баспа мәдениетінің ықпалын түсіндіруде А. Халидтің монографиясы негізге алынды. ХХ ғасыр басындағы ұлттық ғылыми-мәдени ой мен түркілік мұраға қызығушылықты талдауда Ғ. Әнес, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов еңбектері және 1926 жылғы Бірінші түркологиялық конгрестің стенографиялық материалдары дереккөз ретінде қарастырылды. Кеңестік кезеңдегі әдебиет тарихын дәуірлеу, көне түркі жазба мұраларын, ортағасырлық әдеби жәдігерлерді және қазақ фольклорының түркілік негіздерін зерттеу мәселелерінде Қ. Сейданов, С. Қосан, Г. Құрманғали, Б. Кенжебаев, Г. Пірәлиева, Ә. Қоңыратбаев еңбектері басшылыққа алынды. Материалдар іріктелгенде олардың қазақ әдебиетінің көне түркілік негіздерін, түркі халықтарына ортақ эпикалық, сопылық, дидактикалық және қиссалық дәстүрлермен сабақтастығын, сондай-ақ Қазақстандағы әдебиеттанымдық түркологияның ғылыми-институционалдық қалыптасу логикасын ашу мүмкіндігі ескерілді.

Мақалада тарихи-әдеби, салыстырмалы-типологиялық, тарихи-поэтикалық, деректанулық, герменевтикалық және жүйелеу әдістері қолданылды. *Тарихи-әдеби әдіс* ортағасырлық протоәдебиеттанулық ойдан бастап ХІХ ғасырдағы фольклорлық-этнографиялық жинақтау тәжірибесіне, ХХ ғасыр басындағы ұлттық ғылыми санаға және 1960-1980 жылдардағы академиялық зерттеулерге дейінгі сабақтастықты айқындауға мүмкіндік берді. *Салыстырмалы-типологиялық тәсіл* қазақ әдебиеті мен өзге түркі халықтары мұрасындағы ортақ мотивтерді, жанрлық үлгілерді, эпикалық құрылымдарды, бейнелер жүйесін және тарихи-мәдени ұқсастықтарды саралауға қолданылды. *Тарихи-поэтикалық талдау* көне түркі жазба ескерткіштері, ортағасырлық дидактикалық, сопылық, қиссалық мәтіндер, оғыз-қыпшақ эпикалық дәстүрі және қазақ фольклоры арасындағы көркемдік-эстетикалық жалғастықтарды түсіндіруге негіз болды. *Деректанулық тәсіл* пайдаланылған мәтіндердің, ғылыми еңбектердің, конгресс материалдарының,

библиографиялық және диссертациялық деректердің мақала тақырыбына қатысын нақтылауға бағытталды. *Герменевтикалық әдіс* әдеби және фольклорлық мұраны тек тарихи факт немесе этнографиялық материал ретінде емес, ұлттық әдеби сананың терең қабаттарын, мәдени жадын, рухани кодын және түркілік өркениеттік сабақтастығын сақтаған мәтіндік жүйе ретінде пайымдауға мүмкіндік берді. *Жүйелеу әдісі* әр дәуірдегі зерттеу бағыттарын біртұтас ғылыми панорамаға жинақтап, Қазақстандағы әдебиеттанымдық түркологияның негізгі қалыптасу арналары мен әдіснамалық бағдарларын тұжырымдауға қызмет етті.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Отандық ғылымда кешенді пәнаралық бағыт ретінде қалыптасқан салалардың бірі – түркітану. Жалпы түркі әлемінің тарихи-мәдени тұтастығы мәселесі әлемдік ғылыми кеңістікте ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қарқынды дамып, ұдайы талқыланып келеді. Ортақ тіл мен тарих, мәдени жад пен мифологиялық таным сабақтастығының бүгінгі күнге дейін жібі үзілмей жалғасып келе жатқандығы түркітану саласының ғылыми-стратегиялық мәндегі жасампаздығымен қоса, әр тарихи кезеңдегі көтерер жүгінің салмағын да айғақтайтыны даусыз. Осы ойымызды мәдениеттанушы-ғалым Ч.К. Ламажааның төмендегі тұжырымы қуаттай түседі: «Осыдан бір жарым мың жылдан астам уақыт бұрын Еуразияның ұлан-ғайыр кеңістігінде көне түркілердің бірлестігі құрған алып мемлекет – Түрік қағанаты өмір сүрді. Ол салыстырмалы түрде тез ыдырағанымен, оның тарихи болмысы әлемдік тарихтың кейінгі дамуына ұзақ уақыт бойы ықпал етіп, ортақ мифологиясы, көне аңыздары бар, туыстас тілдерде сөйлейтін және бүгінге дейін белгілі бір рухани-мәдени ортақтықты сезінетін көптеген халықтардың мұрасында сақталып келеді. Қазіргі түркі әлемі біртекті емес және тұтас саяси-мәдени бірлік ретінде көрінбейді; оны айқындаудың басты негізі – тілдік белгі, яғни белгілі бір этнос тілінің түркі тілдері отбасына жатуы» [1].

Филология мен шығыстану салаларының тоғысында дамыған түркітанудың әдебиеттанымдық арнасының бастау көздері ретінде әсіресе Әбу Насыр әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Әлішер Науаи және Захир әд-Дин Мұхаммед Бабыр сынды тұлғалардың мұрасын ерекше атау қажет. Әдебиеттану толыққанды ғылым ретінде әлі қалыптаспаған ортағасырлық дәуірдегі сөз өнері туралы пайымдарға протоғылыми сипат тән. Әдеби тек пен түр, эстетикалық таным, шығармашылық-когнитивтік процесс, талант пен еңбек, ауыз әдебиетінің көркемдік қабаттары, т.б. мәселелер төңірегіндегі қисындар, ең алдымен, түркі негізді әдебиеттанудың қалыптасуына ықпал етті.

**Әл-Фарабидің** шығармашылық процесс, ақындық, поэзия табиғаты, шешендік өнер туралы ғылыми логикаға негізделген «Ғылымдардың жіктелуі туралы», «Поэзия өнерінің канондары туралы», «Поэзия өнерінің негіздері» сынды трактаттары түркілік-ислами зияткерлік ортада дүниеге келді. Ол грек ойшылдарының іліміне сүйене отырып, көркем шығармашылық процесті риторика, логика, тіл, таным және қиял категориялары арқылы дәйектей түсіндірудің әдіснамалық негізін қалады. Ал **Махмұд Қашқаридың** «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінің маңызы түркі көркем сөзінің тарихи дерекқоры ретінде бағамдалмақ. Сөздік мазмұны ортағасырлық жазба және ауыз әдебиетіне тән бейнелі сөз оралымдары, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер арқылы түркі халықтарының поэтикалық ойлау жүйесі туралы деректер қорын молынан қамтиды. Құрылымы жағынан кейінгі академиялық сөздіктердің моделіне мейлінше жақын үлгіде болуы бұл жәдігердің ғылымтанымдық деңгейін айғақтайды. Түркі әлемінің тұңғыш энциклопедиялық деңгейдегі сөздік жинағы ретінде әлем ғалымдары тарапынан мойындалуы да өз заманындағы ғылыми түсініктің үддесінен шыққандығын көрсетеді. М. Қашқари тарапынан келтірілетін авторлық ремаркалар мен интерпретациялардың мәні де ортағасырлық филологиядағы протоәдебиеттанымдық герменевтиканың қалыптасу жағдайын көрсетеді. Түркі интеллектуалды кеңістігінде осындай

Түркі халықтарының осы тарихи кезеңде әлем жұртшылығы назарына іліге бастағанын жайында А.Н. Кононов былай дейді.: «Жалпы Батыс Еуропа түркілермен ХІ-ХІІІ ғғ. Византия және крест жорығына қатысушылардың түрік-селжұқтарға қарсы соғысы кезінде танысты» [2].

Әбу Насыр әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Ахмет Йүгнеки, Махмұд әз-Замахшари, Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани сынды ғұламаларының рухани-интеллектуалдық кеңістігінде IX-XII ғасырлар шегінде дүниеге келген жазба ескерткіштері түркілік дүниетанымның ислам өркениетімен, антикалық-философиялық оймен, дидактикалық поэтикамен, сопылық таныммен терең сабақтастығын танытады. Әлемдік мәдениет тарихында кейін бұл мұралар адам, тіл, білім, имани ілім, мемлекет, мораль және көркем сөз туралы биік гуманистік идеяларды қалыптастырған, түркі өркениетінің интеллектуалдық әлеуетін әйгілеген құнды жәдігерлер кешені ретінде бағаланады.

Кейінгі ортағасырлық түркі әдеби кеңістігінде бұл арна **Әлішер Науаи** еңбектері арқылы жаңа теориялық деңгейге көтерілді. Оның «Мухәкәматул лұғәтәйн» трактаты түркі тілінің көркемдік-әдеби әлеуетін парсы тілімен салыстыра дәлелдеуге арналса, «Мизан әлаузан» еңбегі өлең өрнегі, аруз жүйесі, мазмұн мен пішін мәселелерін арнайы назарға алып, түркілік поэтиканың өзіндік табиғатын пайымдауымен құнды. Ал «Мәжәлес ун-нәфәис» ақындық орта, шығармашылық даңқ, поэтикалық талғам туралы толғаныстардан тұратын тазкире үлгісіндегі еңбек ретінде түркі әдеби-сыни ойының қалыптасуын танытады. Түрколог ғалым Төрәлі Қыдыр Әлішер Науаидің жоғарыда аталған «Мухәкәматул-лұғәтәйн» атты жазбасын түркі әдеби тілінің қарымы мен қуатын тарихи-поэтикалық контексте дәлелдеу ниетімен мақсатты түрде жазылған еңбек деп бағалайды. Зерттеуші бұл жәдігердің құрылымын тілтанулық, әдебиеттанулық және тазкире-мемуарлық қабаттар бірлігінде қарастырып, оны ортағасырлық түркі әдеби кеңістігін, көркем тіл табиғатын және Науаидың шығармашылық-эстетикалық ұстанымын танытатын маңызды дереккөз ретінде негіздейді [3].

**Захир әд-Дин Мұхаммед Бабырдың** «Бабырнамасы» әдеби-көркем процесс мәселелерін қарастыруға арналған еңбек болмағанмен, түркітанымдық бағдарда мемуарлық сипатты филологиялық баянның алғашқы нұсқаларының бірі ретінде құнды. Бабырдан жеткен мәтіндерде Мір Атауллах Мешхеди, Мәулана Әбдірахман Жәми, Шейхим Сухейли, Құсайын Әли Туфейли Жалайыр, т.б. көптеген замандастарының ақындық өнері мен поэтика туралы көзқарастары жайлы сыни пікір молынан кездеседі [4].

Мұндағы баяндаушының өз заманындағы рухани-зияткерлік орта, шығармашыл топ туралы ой-тұжырымдарын әдеби сын дискурсы тұрғысынан зерделеуге негіз бар. «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты академиялық екі томдық еңбектің алғашқы томындағы «Ежелгі дәуірдегі әдеби таным арналары (VI-XIV ғғ.)» тарауында ғалым Жандос Смағұлов былай деп жазады: «Бабыр трактатының құндылығы – түркі поэзиясының алғаш рет теориялық тұрғыда ғылыми-зерттеу нысанасына айналуы...», – дей келе, осы уақыт межесінде ғылыми ойдың өркендеуі жайлы: «...XIII-XV ғасырлар ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихындағы қалыптасу жолы болып табылады [5], – деп тұжырымдайды. Осылайша, әл-Фараби, М.Қашқари, Ә. Науаи, З. Бабыр мұраларынан бастау алатын ғылыми-сыншылдық дәстүрлерді отандық әдебиеттанудағы түркітанымдық зерттеулердің тарихи-әдіснамалық терең тамырлары ретінде қабылдау орынды.

Әдебиеттанудың дербес ғылым саласы ретінде институционалды тұрғыда бекіген бергі дәуірлерінде түркітанымдық мазмұндағы зерттеу бағыттарының дамуына П. Паллас, А. Левшин, И. Березин, Ш. Уәлиханов, В. Радлов, Г. Потанин, Н. Пантусов, Ә. Диваев сияқты зерттеушілердің жинақтап, жариялаған саяси-географиялық, тарихи-мәдени, фольклорлық-этнографиялық жазбалары мен еңбектерінің ықпалы болғандығы белгілі. Ұлттық ғылыми ойдың қалыптасып дамуы контекстінде қарастырып отырғандықтан, әлбетте, осы қатарда **Шоқан Уәлихановтың** экспедициялық, даладық зерттеулерінің орны бөлек. Шоқан Шыңғысұлының жолжазба очерк, анықтама, есеп, хат түрінде жазылған материалдарындағы түркологиялық көзқарастарға негізінен жалпыгуманитарлық сипат тән. Автор зерттеу нысанына алған халықтың этногенезі мен антропологиялық бейнесінен бастап, мәдениеті мен діліне, кәсібі мен әлеуметтік тұрмыс салтына, сондай-ақ мекендеген қонысының географиялық жағдайына дейінгі деректерді егжей-тегжейлі баяндайды. Профессор Н.И. Березиннің тәлімінен өткен, Ж.-П. Абель-Ремюза, А. Левшин, А.Мейендорф сынды әйгілі шығыстанушы, саяхатшы, этнографтардың нарративтік қарымы мен стилін үлгі тұтқан

Шоқан Уәлиханов өзінің әдеби-фольклорлық мұраны жинаумен де шұғылданғаны жайлы: «Этнографиялық очеркілер, санақ мәліметтері, тарихи хабарлар, үйсіндер мен қырғыздардың халық әдебиетінің ескерткіштері менің қолжазбаларымда бірнеше дәптер болды» [6], – дейді. Халық әдебиетінің прозалық, поэзиялық үлгілерінің өзара ұқсастығы мен ерекшеліктері, даму жолында түрленуі, мәдениетаралық ықпалдастық туралы тарихи-поэтикалық, салыстырмалы-типологиялық өлшемдердегі Шоқан Уәлихановтың пайымдары еліміздегі филологиялық ғылыми ойдың дамуына серпін бергені сөзсіз. Осы орайда фольклор жанрлары мен типологиясы, орындаушылары, дәстүр жалғастығы, көшпенді дала мәдениетінің даму тарихы, т.б. мәселелер төңірегінде жасалған этнологиялық сипаттағы ғылыми гипотезалары мен тұжырымдары түркі өркениеті жайлы кейінгі іргелі зерттеулерге жол салды.

Әдебиеттің түркілік контексте зерттелуіне әсер еткен ішкі-сыртқы жағдайларды саралағанда Ресей империясына бағынышты кезеңнің жалпы тарихи-мәдени панорамасын ескермей өту мүмкін емес. Дала мәдениетіне қатысты деректерді жинау ісінің қарқын алуы империялық әкімшілік-саяси бақылаудың күшеюімен байланысты болғаны анық. Осы дәуірде эпос, аңыз, шежіре, шешендік сөз сынды ауыз әдебиетінің үлгілерін, этнографиялық, тарихи-шежірелік мәліметтерді жинаушылар қатары көбейді. Ал діни ортада түркі-мұсылмандық негіздегі жазба дәстүрмен берік байланыс сақталды. Сауат ашу (мешіт-медреселер), қисса-дастандарды кітап етіп басып шығару салаларында қарасы көбейген татар-башқұрт мұсылмандық мәдениетінің өкілдері де түркілік интеграцияның жалғастығына себепкер болды.

Тұтастай қарағанда, XVIII ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басына дейінгі тарихи кезеңде түркі өркениетінің мәдени-интеллектуалдық кеңістігі ішкі империялық және сыртқы трансөңірлік ықпалдардың тоғысында дамыды. Америкалық ғалым, Карлтон колледжінің профессоры Адиб Халидтің: «Жәдидшілдікті баспа мәдениетінсіз елестету мүмкін емес» [7], – дегеніндей, Қазан, Орынбор, Уфа, Ташкент, Омбы, Семей, Троицк, Бақшасарай сияқты қалалар империя аумағында әкімшілік басқарумен қоса, баспа ісі, білім беру, зерттеу орталықтарына айналса, Бұхара, Самарқанд, Түркістан шаһарлары ислами ілімді таратушы рухани кеңістік ретіндегі дәстүрлі мазмұндарымен тартымды болды. Түркі дүниесінің алып империядан тыс ірі орталықтарының бірі ретінде Стамбұл шаһарының да рухани жаңару, жаңғыру процестеріне сыртқы ықпалын жоққа шығаруға болмайды. Түркі халықтарының осы кезеңдегі рухани-зияткерлік даму жолында есімдері ерекше аталатын Шиһабеддин Маржани, Исмаил Гаспралы, Шоқан Уәлиханов, Юсуф Акчора сынды қайраткер тұлғалардың миссиясы олардың білім мазмұнын жаңарту, түркілік тұтастық, мәдени модернизация аспектілеріндегі ағартушылық және тарихи көшбасшылық ролімен өлшенеді.

Геосаяси, мәдени мәндегі түркілік негіз туралы идеялардың қазақ топырағында концептуалды мәнге ие болуын XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедұлы, Н. Төреқұлов, М. Шоқай және т.б. мұрасы негізінде зерделеу қисынды. Ұлттық рухани-зияткерлік кеңістікте түркілік тұтастық идеясының ұшқындары алғаш Мағжан Жұмабаев поэзиясынан байқалса, бұл бағыттағы ғылыми-танымдық интенцияның айқын белгілерін Халел Досмұхамедұлының Махмұд Қашқариге тиесілі «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі туралы мақаласынан көруге болады. Х. Досмұхамедұлының 1923 жылы «Шолпан» журналында жариялаған осы мақаласына ғалым Ғ. Әнес: «Ғалымның «Диуани лұғат ат-түрік» мақаласы да дәл осындай заманауи өзектілігімен, ғылыми терендігімен және тарихи-рухани мұраға деген үлкен жанашырлығымен ерекшеленеді» [8], – деп баға береді.

Отандық әдебиеттану ғылымының теориялық іргетасын қалаған **Ахмет Байтұрсынұлының** «Әдебиет танитқышы» [9] мен **Мұхтар Әуезовтің** «Әдебиет тарихы» [10] оқулығы да әдебиеттанымдық түркологияның ішкі ғылыми логикасын айқындайтын іргелі еңбектер қатарында қарастырылады. Бұл кітаптарда қазақ сөз өнерінің табиғаты, жанрлық құрамы, ауызша және жазба дәстүр сабақтастығы, тарихи әдеби мұраның танымдық қызметі ұлттық ғылыми ұғымдар жүйесі арқылы сараланды. А. Байтұрсынұлы әдебиеттің ішкі категориялық аппаратын қалыптастырса, М. Әуезов қазақ әдебиетінің тарихи

кезеңдерін, фольклорлық негізін, көне және жаңа дәуірлер арасындағы рухани сабақтастықты кең мәдени контексте пайымдады. Сондықтан әдебиеттанымдық түркологияны тек көне түркі ескерткіштерін зерттеумен ғана шектелмейтін, қазақ әдебиетінің тарихи жады мен көркемдік эволюциясын жалпы түркілік мәдени кеңістікпен байланыстыра қарастыратын іргелі ғылыми бағыт ретінде бағалау қажет.

Түркі халықтарының жазба мұрасын жүйелі түрде зерттеу идеясы алғаш рет осыдан 100 жыл бұрын – 1926 жылы Баку қаласында өткен Бірінші түркологиялық конгресте тұжырымдалды. Күллі түркі әлемінің көшбасшы ғалымдарының басын қосқан конгресс түркология ғылымының әдіснамалық негіздерін айқындауға түрткі болған елеулі оқиға ретінде тарихқа енді. Конгресте тыңдалған баяндамалардың тұтас мазмұнына зер салсақ, түркі халықтарының тілін, жазуын, әдебиетін және мәдени мұрасын біртұтас ғылыми кеңістікте зерттеу қажеттігі ерекше айтылғанын байқауға болады. Конгресс стенограммасындағы А.Байтұрсынұлының: «Түркі халықтары бір-бірінің жетістіктерін, ең болмағанда, рухани мәдениет саласында пайдалана алуы үшін, олардың баспа арқылы жарияланған шығармалары өзара қолжетімді болуы қажет» [11], – деген пікірі түркітанымдық ғылыми интеграция тұрғысында бүгінгі таңда да маңызды.

Профессор Қалдыбек Сейданов Мұхтар Омарханұлының Орталық Азия елдерінің әдебиетіне қызығушылығын оның 1922 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетіне еркін тыңдаушы болып келуімен тікелей байланыстыра зерделейді [12].

М. Әуезовтің осы университеттің аспирантурасында 1928 жылдан «Түркология» мамандығы бойынша профессор М.Ф. Гавриловтың ғылыми жетекшілігімен білім-білігін арттырғаны да белгілі. Түркітану контекстінде М.О. Әуезовтің саяси дауға, тіпті тыйымға ұшыраған «Әдебиет тарихы» оқулығының орны бөлек. Дегенмен зерттеушінің қырғыз, өзбек, түркмен, қарақалпақ, тәжік халықтарының фольклоры мен әдебиетіне қатысты ой-толғамдары зерттеуші мамандардың кейінгі буындары үшін түркі мәдениетін тарихи-поэтикалық әрі салыстырмалы-типологиялық тұрғыдан талдаудың ғылыми ұстыны ретінде қызмет етті.

Ұлттық сөз өнерінің тарихын ғылыми-объективті дәуірлеу мәселесі кеңестік идеологияның тартыстың нысанына айналып, ұзақ уақыт даудан арылмағаны белгілі. Әдебиеттанушы-ғалымдар Серікбай Қосан мен Гүлнар Құрманғали: «Кеңестік таптық көзқарас, Қомпартия саясаты қазақ халқының ұлттық төл әдебиетінің төркінін ежелгі сақ-ғұн, көне түркі жазба жәдігерлерінен бастауға әу бастан-ақ қарсы болды. Сол себепті ХХ ғасырдың 60-70 жылдарына дейін қазақ әдебиетінің тарихы арысы Бұқар жыраудан, берісі Абайдан басталады дейтін үстірт пікір үстемдік құрып келді» [13], – дей келе, ежелгі дәуір әдебиетін ғылыми-объективті тұрғыдан терең зерттеу ісіне отандық филологиядағы Н.Сауранбаев, І. Кеңесбаев, Ғ. Айдаров, І. Жанпейісов, Ә. Құрышжанов, Ә. Ибатов, М. Томанов, М. Балақаев, С. Аманжолов, Б. Әбілқасынов, М. Исаев, Р. Сыздықова сынды лингвист ғалымдардың да қажырлы еңбектенгенін тілге тиек етеді. Көне әдеби жәдігерлердің мәтінтанулық, поэтикалық, салыстырмалы-типологиялық ыңғайларда кешенді әдебиеттанымдық зерттеуге алынуына М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Марғұлан, Ә. Қоңыратбаев, Бейсембай Кенжебаев секілді мамандардың тәуекелді бастамаларын айрықша атап өтіледі. Осы қатарда кеңестің идеологияның ресми нарративіне төтеп беріп, әдебиет тарихының терең тамырларын батыл зерделеуде сол кезеңде ұлттық ғылымның ұйымдастырушысы ретінде Қаныш Сәтбаевтың да қайраткерлігін аталуы тиіс деп есептейміз.

Қазақ әдебиетінің көне заманғы тарихын дәуірлеу мақсатымен жүргізілген іргелі зерттеулердің қатарын диссертациялық еңбектер толықтырады. Осылайша, Бейсембай Кенжебаев, Әуелбек Қоңыратбаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Немат Келімбетов, Мырзатай Жолдасбеков, Алма Қыраубаева, Асқар Егеубаев сынды ғалымдардың әлеуетімен 1960-1970 жылдары академиялық сипатты әдеби түркітану мектебінің қарқынды дами бастағанына көз жеткіземіз.

Профессор **Бейсембай Кенжебаевтың** тұтас ғылыми шығармашылығын көктей өтетін іргелі мәселенің бірден-бірі әдебиет тарихын дәуірлеу екені анық. Қазақтың көне әдебиетінің шежіресі жайлы белгілі себептерге байланысы ұзақ жылдарға созылған зерттеулерінің

нәтижесі әсіресе 1967-1969 жылдары жарық көрген «Көне әдебиет тарихы», «Ертедегі қазақ әдебиеті хрестоматиясы» сынды еңбектерінен көрініс тапты. Б. Кенжебаев: «...кейбір жазба әдебиетінің алғашқы нұсқаларының сол халықтың өз тілінде, бүгінгі тілінде болуы міндетті емес: басқа тілде, ол халыққа осы күні түсініксіз тілде жасалған, бірақ сол халық жерінде, сол халықтың өкілі тарапынан жасалған, сол халықтың өмірін, салтын, мінезін көрсететін әдебиет нұсқаларының болуы да ықтимал» [14], – деп, сөзін еуропа халықтары әдебиетінің тарихы мысалында дәйектей келе, төмендегідей тұжырым жасайды: «...Осы жоғарыда айтылған қағидалық жағдайлар бізге қазақ халқы жазба әдебиетінің тарихын, профессор Қажым Жұмалиев айтқандай, XVIII ғасырдың екінші жартысынан, Бұқар жыраудан емес, онан көп әріден, шамамен айтқанда, VII-VIII ғасырлардан бастауымызға толық право береді, берік негіз бола алады» [14]. Бұл концептуалды көзқарас ғалымның жетекшілігімен жүргізілген басқа да іргелі зерттеулерге арқау болды.

Қазақстан әдебиеттануында Орхон ескерткіштерін арнайы зерттеген ғалымдар қатарында академик **Мырзатай Жолдасбековтың** есімі бірінші аталады. Төл әдебиеттің арғы тарихын текстологиялық, кодикологиялық, салыстырмалы-типологиялық тұрғыда жан-жақты зерттеудің алғашқы нәтижесі ғалымның 1967 жылы жарық көрген «Ежелгі дәуір әдебиеті» деген хрестоматикалық оқулығы болды. Осы еңбегінде «ғалым VII ғасырдағы Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің өзіне тән стилін сақтай отырып, алғаш рет толық аудармасын жариялады» [15].

1968 жылы Мырзатай Жолдасбеков «Ежелгі түркі әдеби ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын, 1969 жылы **Ханғали Сүйіншәлиев** «Қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен дамуы: ерте заманнан XIX ғасырдың соңына дейін» атты докторлық диссертациясын қорғайды. Сонымен профессор Бейсенбай Кенжебаевтың жетекшілігімен қолға алынып, жүргізілген бұл диссертациялық зерттеулер ұлттық әдебиет тарихын көне дәуірден бастап тұтастықта пайымдаудың ғылыми негізін күшейте түсті. М. Жолдасбеков зерттеуінде ежелгі түркі жазба ескерткіштері қазақ әдебиетімен тікелей тарихи-рухани сабақтастықта қарастырылса, Х. Сүйіншәлиев еңбегінде қазақ әдебиетінің қалыптасу және даму жолы ерте заманнан XIX ғасырдың соңына дейінгі кең масштабты тарихи кеңістікте жүйеленді.

1972 жылы **Әуелбек Қоңыратбаевтың** «Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ фольклоры» (Ғылыми жетекшісі – профессор Х.Сүйіншәлиев) атты докторлық диссертациясы көне түркі поэзиясы мен қазақ фольклоры арасындағы тарихи-типологиялық байланысты арнайы ғылыми проблема деңгейіне көтеріп, мұны ежелгі түркілердің ақындық дәстүрі мен қазақтың ауызша сөз өнері арасындағы көркемдік, жанрлық, мотивтік сабақтастық контекстінде зерттеді. «Фольклор тарихы үшін этногенез мәселесі айрықша мәнді» [16], – деп түйген ғалым қазақ фольклоры мен жазба әдебиетінің арғы қабаттарын сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, оғыз-қыпшақ, ноғайлы дәуірлерімен сабақтастыра қарастырып, ұлттық сөз өнерінің тарихын жалпы түркі өркениеті кеңістігінде пайымдайды. Диссертация Орхон жазбалары, «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнама», «Фараби», «Науаи», шығыс Ренессансы тәрізді мәселелерді генезис және типология аспектілерінде зерттеу арқылы әдебиеттанымдық түркологияның деректік әрі салыстырмалы-тарихи арнасын кеңейтуге айрықша үлес қосты.

**Алмагүл Қыраубаеваның** «Рағұзи және «Махаббатнаманың» идеялық-көркемдік ерекшеліктері» (1974 ж.) атты кандидаттық диссертациясында ортағасырлық түркі жазба әдебиеті, оның ішінде Рағұзи мұрасы мен «Махаббатнама» ескерткіші идеялық-көркемдік құрылым, поэтика және әдеби дәстүр тұрғысынан зерттеліп, тың ғылыми тұжырымдар жасалды. А. Қыраубаеваның Б. Кенжебаев мектебіндегі өзіндік орны мен ролі ежелгі және ортағасырлық мұраны түркілік-шығыстық көркем ойлау, ислами ғибрат поэтикасы, қиссалық дәстүр, жанр сабақтастығы тұрғысынан пайымдау арқылы дараланады. Ғалым ежелгі дәуір әдебиетін қарастыруда әдіснамалық ауқымды кеңейте отырып, көркемдік-эстетикалық, мәдени-герменевтикалық сипаттағы зерттеулер қатарының өсуіне серпін берді (З. Салқынбаев, Г. Асқарова, Ж. Камалқызы, С. Дәрібаев, Н. Мәтбек зерттеулері).

1970-1980 жылдардағы ғылыми ізденістерде әдеби-фольклорлық түркүтанудың тақырыптық аясы одан әрі кеңейе түсті. Әлемдік әдебиеттанудағы заманауи әдіснамалық парадигмалар аясында түркі эпосының поэтикасын, образдар жүйесін, көне жазба мұралардың ұлттық әдеби процеске әсерін кешенді талдауға баса назар аударыла бастады. Бұл кезеңдегі диссертациялық ізденістер оғыз эпикалық дәстүрі, түркі халықтары батырлық жырларындағы типологиялық ұқсастықтар мен ортағасырлық дидактикалық мұраның қазақ әдебиетімен сабақтастығы сияқты бағыттарды ғылыми айналымға әкелді. Мысалы, **Шәкір Ибраевтың** «Китаби дедем Коркуттағы» көркемдік-суреттеу құралдары» атты кандидаттық диссертациясы (1979 ж.) оғыз эпикалық мұрасын көркемдік-бейнелеу жүйесі тұрғысынан талдауға арналса, **Людмила Екшембеева** «Эволюция образа женщины в героическом эпосе тюркоязычных народов» атты кандидаттық жұмысында (1987 ж.) қазақ, хакас, алтай, қырғыз және өзге де түркі халықтары эпосындағы әйел бейнесін салыстырмалы-типологиялық аспектіде қарастырады. Жүсіп Баласағұн мұрасының қазақ әдебиетімен байланысын арнайы зерттеу нысанына айналдырған **Асқар Егеубаевтың** «Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» поэмасының қазақ әдебиетінің дамуына идеялық-көркемдік әсері: дәстүр, поэтика және аударма мәселелері» атты кандидаттық диссертациясы (1989 ж.) көне түркі дидактикалық мұрасын ұлттық әдеби дамудың идеялық-көркемдік арналары контекстінде пайымдайды.

### Қорытынды

Қазақстандағы әдебиеттанымдық түркологияның қалыптасу тарихын зерделеу бұл бағыттың терең тарихи-рухани қабаттардан бастау алатын көпарналы интеллектуалдық процесс екенін көрсетеді. Оның ілкі бастаулары әл-Фараби, М. Қашқари, Ә.Науаи және З. Бабыр сынды ортағасырлық түркі-ислам ойшылдарының поэзия, тіл, көркем сөз, әдеби тіл, рухани таным туралы толғаныстарынан көрінсе, кейінгі дәуірлерде бұл желі фольклорлық-этнографиялық жинақтау, шығыстану аясында зерделеу, ұлттық ғылыми ой мен академиялық жүйе арқылы біртіндеп орнықты.

Ш. Уәлихановтан басталған тарихи-танымдық және фольклортанулық бағдар ХХ ғасыр басындағы ұлттық зиялылар еңбегінде ғылыми-мәдени мазмұнға ие болып, А. Байтұрсынұлы мен М. Әуезов еңбектерінде әдебиеттанудың ішкі ұғымдық жүйесі мен тарихи-әдеби негіздері арқылы тереңдей түсті. 1926 жылғы Бірінші түркологиялық конгресте түркі халықтарының тілі, жазуы, әдебиеті мен мәдени мұрасын біртұтас ғылыми кеңістікте зерттеу қажеттігінің көтерілуі бұл бағыттың халықаралық және интеграциялық мәнін күшейтті. Кеңестік кезеңдегі идеологиялық шектеулерге байланысты тежелген ғылыми ізденістердің қомақты нәтижелері 1960-жылдардың соңынан 1980-жылдарға дейінгі аралықта қарқынды жүргізілген диссертациялық зерттеулердің корпусы негізінде (Б.Кенжебаев, М. Жолдасбеков, Х. Сүйіншәлиев, Ә. Қоңыратбаев, А. Қыраубаева, А. Егеубаев, Ш. Ибраев, Л. Екшембеева) айқындалды.

*Алғыс: Зерттеу ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің BR31715839 «Әдебиеттану мен өнертану саласындағы іргелі зерттеулер: академиялық сабақтастық пен жаңа парадигмалар» бағдарламасын іске асыру аясында орындалды.*

### Әдебиеттер

1. Lamazhaa Ch. K. The Turkic Cultural World of Russia: Loci, Problems, and Research Prospects. New Research of Tuva, 2025, no. 3, pp. 371-388 (In Russ.). DOI: <https://doi.org/10.25178/nit.2025.3.22>.
2. Кононов А.Н. Түркология // Дүниежүзі түркологиясының тарихы / Құраст. Ш.И.Ибраев, К.Н.Келімбетов. – Алматы: Раритет, 2019. – Б. 18-27. ISBN 978-601-250-307-4
3. Қыдыр Т.Е. Әлішер Науаидің «Мухәкәмәтул-луғәтәйн» шығармасының түркітану саласындағы маңызы // Turkic Studies Journal. – 2021, Volume 3, Number 3. – Б. 37-46. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2021-3-37-46>.
4. Захир ад-Дин Бабыр // Тарих – адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. – Астана: Фолиант, 2005. Т.3. – Ортағасырлық тарихи ой. – Б. 127-140. ISBN 9965-612-16-1

5. Смағұлов Ж. Ежелгі дәуірдегі әдеби таным арналары (VI-XIV ғғ.) // Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Екі томдық. 1-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – Б. 11-32. ISBN 978-601-03-0003-3
6. Уалиханов Ш. Статьи, переписка. – Алматы, 1949. – 169 с.
7. Khalid, Adeeb. The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. Berkeley; Los Angeles; London: University of California Press, 1998. 335 p.
8. Әнес Ғ. Көрнекті тілші-ғалым һәм түркітанушы (Алаш қайраткері Халел Досмұхамедұлының белгісіз қыры) // Қазіргі заманғы түркологияның ғылыми даму миссиясы және Ғұбайдолла Айдаров феномені: халықаралық ғылымтеориялық конференция материалдары. – Ақтау, 2021. – 161 б. ISBN 978-601-308-543-2
9. Байтурсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 208 с.
10. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы // Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 4-том: Зерттеулер, оқулықтар, әдеби нұсқалар: 1924-1930. – Алматы: Дәуір; Жібек жолы, 2014. – 454 б.
11. Выступление Ахмета Байтурсынова // Первый Всесоюзный тюркологический съезд 26 февраля – 6 марта (стенографический отчет). - Общество обследования и изучения Азербайджана. – Баку, 1926. – С. 167-395.
12. Сейданов Қ. Әуезов – Орта Азия төрінде. – Yangi nashr, 2017. – 330 б. ISBN 978-9943-22-304-2
13. Қосан С., Құрманғали Г. Ежелгі және орта ғасырлар әдебиеті бөлімі // М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. 50 жыл. – Алматы: Арда, 2011. – Б.25-39. ISBN 9965-778-68-х
14. Кенжебаев Б. Көне әдебиет туралы. Студенттерге материал. – Алматы, 1969. – 96 б.
15. Піралиева Г. Мырзатай Жолдасбеков // Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Екі томдық. 1-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – Б. 610-617. ISBN 978-601-03-0003-3
16. Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987. – 368 б.

## References

1. Lamazhaa Ch.K. The Turkic Cultural World of Russia: Loci, Problems, and Research Prospects [The Turkic Cultural World of Russia: Locations, Problems, and Research Prospects]. New Research of Tuva, 2025, no. 3, p. 371-388. DOI: <https://doi.org/10.25178/nit.2025.3.22>
2. Kononov A.N. Turkologiya [Turkology] // Duniiezhuzhi turkologiyasynyn tarihy [History of World Turkology] / Qurast. Sh.I. Ibraev, K.N. Kelimbetov. – Almaty: Raritet, 2019. – P. 18-27. (in Kazakh)
3. Qydyr T.E. Alisher Nauaidin «Mukha kematul-lughatein» shygarmasynyn turkitanu salasynaday manyzy [The Significance of Alisher Navoi's «Muhakamat al-Lughatayn» in Turkology] // Turkic Studies Journal. – 2021, Vol. 3, No. 3. – P. 37-46. (in Kazakh). DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2021-3-37-46>
4. Zakhir ad-Din Babyr [Zahir al-Din Babur] // Tarikh – adamzat aqyl-oynyn qazynasy [History – The Treasure of Human Thought]. 10 vols. – Astana: Foliant, 2005. Vol. 3: Orta gasyrlyq tarihi oi [Medieval Historical Thought]. – P. 127-140. (in Kazakh)
5. Smagulov Zh. Ejelgi dauirdagi adebi tanym arnalary (VI–XIV gh.) [Sources of Literary Knowledge in Antiquity (6th–14th Centuries)] // Qazaq adebiettanu gylmynyn tarihy [History of Kazakh Literary Studies]. 2 vols. Vol. 1. – Almaty: QazAqparat, 2008. – P. 11-32. (in Kazakh)
6. Ualikhanov Sh. Stat'i, perepiska [Articles, Correspondence]. – Almaty, 1949. – 169 s. (in Russian)
7. Khalid A. The Politics of Muslim Cultural Reform: Jadidism in Central Asia. – Berkeley; Los Angeles; London: University of California Press, 1998. – 335 p.
8. Anes G. Korknemdi tilshi-gylym ham turkitanushy (Alash qayratkeri Khalel Dosmukhamedulynyn belgisi qyry) [Outstanding Linguist and Turkologist (Unknown Aspect of Alash Figure Khalel Dosmukhameduly)] // Qazirgi zamanqy turkologiyany gylmi damu missiiasy zhane Ghubaidolla Aidarov fenomeny [Scientific Development Mission of Modern Turkology and the Ghubaydolla Aidarov Phenomenon]: international conference proceedings. – Aktau, 2021. – 161 p. (in Kazakh)
9. Baitursynov A. Adebiet tanytqish [Literary Guide]. – Almaty: Ana tili, 1992. – 208 p. (in Kazakh)

10. Auezov M.O. Adebiet tarihy [History of Literature] // Shygarmalarynyn elu tomdyq tolyq zhinagy [Fifty-Volume Complete Works]. Vol. 4: Zertteuler, okulyktar, adebi nusqalar: 1924-1930 [Studies, Textbooks, Literary Versions]. – Almaty: Daur; Zhibek zholy, 2014. – 454 p. (in Kazakh)
11. Vyistuplenie Akhmeta Baitursynova [Speech of Akhmet Baitursynov] // Pervyi Vsesoiuznyi turkologicheskii s'ezd 26 fevralia – 6 marta (stenograficheskii otchet) [First All-Union Turkological Congress (Stenographic Report)]. – Baku: Obshchestvo obsledovaniia i izucheniia Azerbaidzhana, 1926. – P. 167-395. (in Russian)
12. Seidanov Q. Auezov – Orta Aziia torinde [Auezov in the Arena of Central Asia]. – Yangi nashr, 2017. – 330 p. (in Kazakh)
13. Kosan S., Qurmanghali G. Ejelgi zhane orta gasyrlar adebiati bolimi [Ancient and Medieval Literature Section] // M.O. Auezov atyndagy Adebiet zhane oner instituty. 50 zhyl [Institute of Literature and Art named after M.O. Auezov. 50 Years]. – Almaty: Arda, 2011. – P. 25-39. (in Kazakh)
14. Kenzhebaev B. Kone adebiat turaly [About Ancient Literature]. – Almaty, 1969. – 96 p. (in Kazakh)
15. Piralieva G. Myrzatai Zholdasbekov [Myrzatai Zholdasbekov] // Qazaq adebiattanu gylymynyn tarihy [History of Kazakh Literary Studies]. Vol. 1. – Almaty: QazAqparat, 2008. – P. 610-617. (in Kazakh)
16. Konyratbaev A. Qazaq eposy zhane turkologii [Kazakh Epic and Turkology]. – Almaty: Gylym, 1987. – 368 p. (in Kazakh)

#### **А.К. Калиева**

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,  
050010, Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, 28  
ORCID: 0000-0003-2645-0918  
e-mail: almira0906k@gmail.com

### **ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЛИТЕРАТУРНО-ФОЛЬКЛОРНОГО НАПРАВЛЕНИЯ В ТЮРКОЛОГИИ КАЗАХСТАНА (ОТ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ ДО СОВЕТСКОЙ ЭПОХИ)**

**Аннотация.** Литературоведческая тюркология позволяет осмыслить исторические истоки национальной литературы как многоуровневую духовно-культурную систему, сформированную на пересечении общего языкового основания, мифопоэтической памяти, эпической традиции, письменного наследия и цивилизационной преемственности. В статье рассматриваются пути формирования литературно-фольклорного направления в тюркологии Казахстана от средневековых духовно-интеллектуальных истоков до системы академических исследований советского периода. Основная цель исследования заключается в системном определении исторических оснований, научной преемственности, объектов изучения и методологической значимости тюркологического направления в казахстанском литературоведении. В качестве объекта исследования рассмотрены средневековые тюркские письменные памятники, фольклорно-этнографические материалы XIX века, национальная литературно-теоретическая мысль начала XX века, а также диссертационные исследования 1960-1980-х годов. В статье применены историко-литературный, сравнительно-типологический, историко-поэтический, герменевтический методы и метод систематизации. Результаты обзорного анализа показывают, что значительная часть фундаментальных исследований, проводившихся с целью расширения хронологических границ истории казахской литературы, находится в академической преемственности со школой Б. Кенжебаева. В результате исследования установлено, что литературоведческая тюркология способствовала осмыслению древнетюркского, средневекового, эпического, суфийско-дидактического и фольклорного пластов в контексте национального литературного процесса. Научная значимость статьи определяется осмыслением казахской литературы в преемственной связи с общетюркским культурно-цивилизационным пространством. Практическая ценность исследования заключается в возможности использования его результатов в курсах по истории казахской литературы, тюркологии, фольклористике и сравнительному литературоведению. Кроме того, в статье рассматриваются связь литературно-фольклорной тюркологии с научными школами Казахстана, процесс ее институционализации через диссертационные исследования, а также необходимость нового осмысления древнего наследия в контексте современных литературоведческих парадигм.

**Ключевые слова:** литературоведческая тюркология, история литературы, тюркское письменное наследие, фольклорно-эпическая традиция, историческая поэтика, сравнительное литературоведение, научная школа.

**A.K. Kaliyeva**

M.O. Auezov Institute of Literature and Art,  
050010, Republic of Kazakhstan, Almaty, 28 Shevchenko Str.  
ORCID: 0000-0003-2645-0918  
e-mail: almira0906k@gmail.com

## **THE LITERARY AND FOLKLORIC TREND IN KAZAKHSTAN'S TURKOLOGY (FORMATION FROM THE MIDDLE AGES TO THE SOVIET ERA)**

**Abstract.** Literary Turkology makes it possible to conceptualize the historical origins of national literature as a multilayered spiritual and cultural system formed at the intersection of a common linguistic foundation, mythopoetic memory, epic tradition, written heritage, and civilizational continuity. The article examines the pathways in the formation of the literary and folkloric trend in Turkology in Kazakhstan, from its medieval spiritual and intellectual origins to the system of academic research developed during the Soviet period. The main purpose of the study is to systematically identify the historical foundations, scholarly continuity, objects of study, and methodological significance of the Turkological trend in literary studies in Kazakhstan. The objects of the research include medieval Turkic written monuments, nineteenth-century folkloric and ethnographic materials, national literary-theoretical thought of the early twentieth century, and dissertation research of the 1960s-1980s. The study employs historical-literary, comparative-typological, historical-poetic, hermeneutic methods, as well as the method of systematization. The results of the review analysis show that a significant part of the fundamental research aimed at expanding the chronological boundaries of the history of Kazakh literature is academically continuous with B. Kenzhebayev's school. The study establishes that literary Turkology contributed to the interpretation of ancient Turkic, medieval, epic, Sufi-didactic, and folkloric layers within the context of the national literary process. The scholarly significance of the article lies in its interpretation of Kazakh literature in continuity with the common Turkic cultural and civilizational space. The practical value of the study is determined by the possibility of applying its results in courses on the history of Kazakh literature, Turkology, folklore studies, and comparative literary studies. In addition, the article addresses the connection of literary and folkloric Turkology with scholarly schools in Kazakhstan, the process of its institutionalization through dissertation research, and the need to reinterpret ancient heritage in the context of contemporary literary paradigms.

**Keywords:** literary turkology, history of literature, Turkic written heritage, folkloric and epic tradition, historical poetics, comparative literary studies, research school.

### **Автор туралы мәліметтер**

**Қалиева Альмира Қайыртайқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты бас директорының ғылым жөніндегі орынбасары, Қазақстан Республикасы, Алматы, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2645-0918>, e-mail: [almira0906k@gmail.com](mailto:almira0906k@gmail.com).

### **Сведения об авторе**

**Калиева Альмира Каиртаевна** – кандидат филологических наук, заместитель генерального директора по науке Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Республика Казахстан, Алматы, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2645-0918>, e-mail: [almira0906k@gmail.com](mailto:almira0906k@gmail.com).

### **Information about the Author**

**Almira Kaliyeva** – candidate of philological sciences, Deputy director general for science at the M.O. Auezov Institute of literature and art, Almaty, Republic of Kazakhstan, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2645-0918>, e-mail: [almira0906k@gmail.com](mailto:almira0906k@gmail.com).

*Редакцияға енуі 21.04.2026  
Жариялауға қабылданды 29.06.2026*